

ЖАҢАЛЫҚТАР

АҚШ-та стратегиялық бомбалаушы ұшақ құлап, 8 адам өлген

16 маусым 2026 жыл, 13:38



АҚШ-тың В-52 стратегиялық бомбалаушы ұшағы

АҚШ-тың Калифорния штатында В-52 стратегиялық бомбалаушы ұшағы апатқа ұшырады. Оқиға 15 маусымда болған.

Америкалық БАҚ [дерегінше](#), ұшақ Эдвардс әскери әуе базасынан әуеге көтерілгеннен кейін көп ұзамай аэродром аумағына құлаған. Әлеуметтік желіде жерде жанып жатқан ұшақ сынықтарының видеосы тарады:

BREAKING: A U.S. Air Force B-52 bomber crashed shortly after takeoff at Edwards Air Force Base, triggering an emergency response. Emergency crews rushed to the scene as thick black smoke billowed from the wreckage scattered across the desert airfield. More details, including... pic.twitter.com/JRx3R4EljW

— Fox News (@FoxNews) [June 15, 2026](#)

Алдын ала деректер бойынша, ұшақтағы 8 адам түгел қаза тапқан. В-52 экипажы әдетте бес адамнан тұрады, алайда бұл жолы сынақ болғандықтан ұшақта қосымша ресми тұлғалар болған деп жатыр.

Апаттың себебі әзірге жарияланған жоқ.

В-52 — ядролық қару таситын, алысқа ұшатын америкалық стратегиялық бомбалау ұшақ. Кейінгі уақытта бұл ұшақтар Таяу Шығыстағы операцияларда қолданылған.

Оның алдында дәл сол күні, 15 маусымда Ресейдің Иркутск облысында ресейлік Ту-22М3 бомбалаушы ұшағы апатқа ұшыраған. Ұшқыштар тірі қалған деп жазды басылымдар.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ